



**Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің  
Қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ережені бекіту туралы<\*>**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсан N 1784. Атауы және мәтінінде сөздер алмастырылды - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 680 қаулысымен. ~P980680 Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.03.31. N 347 қаулысымен. ~P990347

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655\_ Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын жүзеге асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар

министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ереже;  
<\*>

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар  
министрлігі Қоршаған ортаны қорғау комитетінің құрылымы;  
<\*>

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар  
министрлігі Қоршаған ортаны қорғау комитетінің қарауындағы мекемелер  
мен ұйымдардың тізбесі бекітілсін.  
<\*>

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің  
1997 жылғы 18 желтоқсандағы  
N 1784 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау комитеті (Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау комитеті) туралы

<\*>

ЕСКЕРТУ. Атауы және мәтінінде сөздер алмастырылды - ҚРҰ-нің  
1998.07.22. N 680 қаулысымен.

P980680\_

## ЕРЕЖЕ

## МИССИЯСЫ

Экологиялық қолайлы тіршілік ету ортасын құру.

### I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау комитеті /бұдан әрі - Комитет/ қоршаған ортаны қорғау, зерделеу, оның мониторингі саласындағы мемлекеттік басқару органы болып табылады. Комитет арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіру мен мемлекеттік басқарудың ішкі саласына басшылықта дербес жүзеге асырады. <\*>

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитетті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар

министрлігін ұстауға көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

4. Комитет заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, фирмалық бланкісі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

## II. Міндеттері

5. Комитеттің өз қызметінің саласындағы негізгі міндеттері

мыналар болып табылады:

қоршаған ортаны тұрақты жақсартуды және табиғат ресурстарын теңгерімді пайдалануды қамтамасыз ету;

қоршаған орта мен табиғи ресурстарды қорғаудың мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру;

барлық табиғат пайдаланушылардың, қоғамдық қорлардың, оның ішінде халықаралықтарының табиғат қорғау бағдарламаларын бара-бар қаржыландыру жүйесін құру;

қоршаған ортаның жай-күйі мен мониторингін бақылауды қамтамасыз ету;

экология және табиғи ресурстар саласында оқу-ағарту жүйесін өрістетуге.

## III. Функциялары

6. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

республикалық табиғат қорғау қорының қаражатын пайдалану жөніндегі жұмыстардың тапсырысшысы болады;

мемлекеттік және аумақтық экологиялық бағдарламалар мен жоспарлардың әзірлемесін ұйымдастырады және олардың орындалу барысын бақылайды;

барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтауына бақылау жүргізеді;

қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді;

экология және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласында оқу-ағарту жөніндегі ақпараттық-талдамалық жұмысты ұйымдастырады.

#### IV. Құқықтары

##### 7. Комитеттің:

өз құзыретінің шегінде барлық органдардың, ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың атқаруы үшін міндетті шешімдер қабылдауға;

атқарушы органдардан, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан заңды және жеке тұлғалардан қоршаған орта, табиғи ресурстарды ұдайы өндіру мен пайдалану мәселелері бойынша қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

экологиялық сараптама жасауға сарапшыларды тартуға;

өз құзыретінің шегінде табиғат қорғау талаптарын бұзушыларды жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдануға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға, табиғат қорғау заңдарында белгіленген талаптарды орындамайтын шаруашылық және өзге де қызметті, объектілерді пайдалануға беруді шектеуге, тоқтата тұруға және тоқтатуға;

қоршаған ортаны тастаулармен, ағындылармен ластауға, қалдықтарды орналастыруға, сондай-ақ экологиялық аудиторлық қызметке рұқсаттар беруге және олардың күшін жоюға;

мемлекеттік меншіктегі мүлікті белгіленген тәртіппен өзіне берілген өкілеттіктерге сәйкес иеленуді, пайдалану мен басқаруды жүзеге асыруға;

Қазақстан Республикасының және басқа елдердің ұйымдарымен өз

құзыретінің шегінде келіссөздер жүргізуге және келісімдер жасауға;

ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыруға;

табиғат қорғау заңдарында көзделген өзге де өкілеттіктерді белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға құқығы бар.

#### V. Міндеттері

8. Елдегі экологиялық жағдайда нашарлататын кез келген қызмет пен іс-әрекетке жол бермеу.

9. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарын бұзушыларға тиісті ықпал ету шараларын қолдану.

10. Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдарының сақталуын қамтамасыз ету.

11. Қоршаған ортаның жай-күйін объективті бағалауды және Министрлік басшылығын хабарландыруды қамтамасыз ету.

12. Экологиялық жағдайда сақтау мен жақсарту және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану саясатын болжау.

13. Елдің экологиясын сауықтыруға халықаралық экологиялық ұйымдардың қаражатын тарту.

14. Экология және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану саласында халыққа тиімді насихат және оқу-ағартуды жүзеге асыру.

## VI. Жауапкершілігі

15. Қазақстан Республикасы бойынша қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттың, гидрометеорологиялық деректердің ақиқаттығы үшін.

16. Республикалық табиғат қорғау қоры қаражатының ұтымды пайдаланылуы үшін.

17. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы объективті сараптама үшін.

## VII. Қызметінің ұйымдастырылуы

18. Комитетті Экология және табиғи ресурстар министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

19. Комитет ведомстволық бағыныстағы органдарға, мекемелер мен ұйымдарға басшылықты жүзеге асырады.

20. Комитеттің штат кестесін, сондай-ақ лауазымдарды иелену тәртібін Министр бекітеді.

21. Комитет төрағасы Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өзінің функцияларының жүзеге асырылуы үшін дербес жауапкершілікте болады.

22. Төраға Комитеттің қызметін өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес ұйымдастырады:

Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

барлық мемлекеттік органдарда Комитеттің мүддесін білдіреді,

шарттар жасайды, банктерде есеп айырысу шоттарын және басқа да шоттар ашады;

Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық органдары

туралы ережелерді бекітеді;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

бекітілген сметаның шегінде үстемақыларды, қосымша ақыларды, сыйақылар мен ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдерді дербес белгілейді;

Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

23. Комитетті қайта ұйымдастыру мен тарату заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 18 желтоқсандағы  
N 1784 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи  
ресурстар министрлігі Қоршаған ортаны қорғау  
комитетінің

<\*>

## ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық  
Экологиялық мониторинг басқармасы  
Мемлекеттік Экологиялық сараптау басқармасы  
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау  
басқармасы

<\*>

ЕСКЕРТУ. Атауы және мәтінінде сөздер алмастырылды - ҚРҰ-нің  
1998.07.22. N 680 қаулысымен.

P980680\_

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 18 желтоқсандағы  
N 1784 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау және  
табиғи ресурстар министрлігі Қоршаған ортаны қорғау  
комитетінің қарауындағы мекемелер мен ұйымдардың

<\*>

ТІЗБЕСІ

Облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармалары  
Қалалық қоршаған ортаны қорғау басқармалары  
Орталық зертхана

ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.07.22. N 680 қаулысымен.

P980680\_